

Аңдатпа

Бұл дипломдық жұмыста Жамбыл МАЭС-ын жаңғырту бойынша техникалық шешімдер ұсынылған. Бұл жобада жақын ауылды жылумен қамтамасыз ету мақсатында және жылу энергиясын өндіру үшін ПСВ-125-7-15 желілік су жылытқышын орнату ұсынылады.

К-210-130 блогының жылу сұлбасының салыстырмалы есебі жылуландыру алымынсыз және оның жылуландыру алымы бар сұлбасына қосылуын есепке ала отырып жүргізілді. Негізгі және қосалқы жабдықтардың сипаттамасы берілді.

Жобаның экономикалық бөлімінде ЖЭО-ның жылуландыру алымы қосып жаңғыртқандағы негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін есептеу келтірілген.

Арнайы бөлімде қоректік сорғылардың турбожетектерін 150-200 МВт ЖЭС энергоблоктарында қолдану мәселесі қарастырылды.